«Қаратал орта мектебі» КММ
2023-2024 оқу жылына арналған жұмыстық оқу жоспарына

**Түсінік хат**

2023-2024 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алуы және оқу-тәрбие процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс:

–«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

–«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы);

– «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы);

– «Білімді ұлт» «Сапалы білім» Ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қаулысы;

– «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы);

– «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы);

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы);

– «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы;

– «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы);

– «Білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі басшылықты бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым

министрінің 2022 жылғы 23 маусым № 292 бұйрығы).

Осы құжаттардың негізінде әр оқу кезеңіне сай оқу жоспарлары құрылып, онда инвариантты және вариативті компоненттер ескеріліп, бекітілді. Соның негізінде келесі элективті курстар мен таңдау курстары алынды:

«Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұны 1-4-сыныптарда (6 сағат) әдебиеттік оқу, музыка, бейнелеу өнері, көркем еңбек пәндерінің аясында, сонымен қатар 5-8 сыныптарда (10 сағат) сынып жетекшісімен сабақтан тыс мерзімде, сынып сағаттары есебінен іске асырылады.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 1-4-сыныптарда дүниетану оқу курсының аясында: 1-3-сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімінің дүниетану сабақтарында кіріктіре отырып оқытуымен іске асырылады; «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. «Өмір қауіпсіздігінің және ақпараттық технологиялар негіздері» оқу курсының мазмұны 10-сыныпта «Алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы жүзеге асырады. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 11-сыныпта «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында 16 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы жүзеге асырады.

Мектепте жалпы – 16 сынып және қазақ, орыс тілінде оқитын 2 мектепалды даярлық сыныбы бар. Барлығы 16 сынып-жинақ бар. Қазақ тілінде оқитын сыныптар жеке, ал орыс тілінде оқитын бала саны аз болғандықтан бастауыш сатыда 1,2 сыныптар, орта буында 5 және 6 сыныптар біріктіріліп оқытылады.

Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сыныптағы және сыныптан тыс (элективті курс, жеке және үйірме сабақтары) оқу жұмыстарының барлық түрлерін қоса алғанда, қазақ тілінде оқитын 1-сыныпта – 19,5 сағат, 2-сыныпта – 24 сағат, 3-4 сыныптарда – 26 сағатты құрайды, ал орыс тілінде оқитын 1-сыныпта – 20,5 сағат, 2-сыныпта – 24 сағат, 3-сыныпта – 26 сағат, 4 сыныпта – 27 сағатты құрайды,

Жалпы бастауыш сыныптарда инварианттық оқу жүктемесі 91,5+97,5 сағат .

Бастауыш сатыда вариативті компоненттегі сағаттары төмендегідей ретпен бөлінді: білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін, білім деңгейлерін ескеріп, математиканың бастауыш курсының негізгі мазмұнын кеңейту, оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту мақсатында 1-4 «А» сыныпта «Математика және логика\Математика и логика» сабақтары;
Оқу сауаттылығын дамыту мақсатында «Көркем мәтінді талдау» сабағы таңдалды.
Барлығы бастауыш сыныптағы вариативтік оқу жүктемесі 5 сағатты құрады.

Негізгі орта буын оқушыларының апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі қазақ тілінде оқитын 5-6 сыныптарда – 28,5 сағатты, 7-сыныпта – 31,5 сағатты, 8-сыныпта – 32,5 сағатты, 9-сыныпта – 34 сағатты құрайды, ал орыс тілінде оқитын 5-сыныпта – 29,5 сағатты, 7-сыныпта – 32,5 сағатты, 8-сыныпта – 33,5 сағатты, 9-сыныпта – 35 сағатты құрайды.

2023-2024 оқу жылында үлгілік оқу жоспарының вариативтік компонентіне 5-11 сыныптардағы «Жаһандық құзыреттер» курсы енгізілді. Курс жаһандық азаматтық құзыреттіліктеріне ие бәсекеге қабілетті тұлғаны, жергіліктіжәне жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін түсінуді, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды сыни талдау мен бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

5-8 сыныптарда 0,5 сағаттан, 9 сыныптарда 1 сағаттан «Зайырлылық және дінтану» міндетті пәніне бөлінді

Жалпы орта буын оқушыларының жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі қазақ тілінде оқитын 10-11 сыныптарда 35 сағатты құрайды.

Вариативтік компонент бойынша:

10-11 сыныптарда 1 сағаттан «Жаһандық құзыреттілік» пәніне;

1 сағаттан кәсіпкерлік саласының негізгі ұғымдары мен заңдарын зерделеуге, білім алушылардың іскерлік ойлауын қалыптастыруға, белсенді өмірлік ұстанымды таңдауға, қазіргі жағдайда болашақта өз бетінше өмір сүруге арналған дағдыларды қалыптастыруға бағытталған «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәніне;

10-11 сыныпта 1 сағаттан білім алушылардың бейнелеу теориясының негіздерін, проекциялау және графикалық үлгілеу әдістерінің заңдылықтарын білу, жобалау, шығармашылық қызметтің дамуына, графикалық мәдениет пен дәстүрлі және қазіргі заманғы графика құралдарымен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға ықпал ету мақсатында «Графика және жобалау» оқу пәніне;

білім алушылардың практикалық дағдылары мен біліктіліктерін шыңдау және жетілдіру, үштілділікті жүзеге асыру мақсатында 10-11 сыныпқа 1 сағат «Айналымдағы шет тілі» сабағына берілді.

ОІЖО Ж.Биханова
Директор С.Сексенов